

## XVIII ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси жағдай

Ургадағы жоғары биліктің ауысуына байланысты XVIII ғ. басында Жоңғар басқыншылығы күшейеді. Қалдан-Бошоқты қонтайшының билігі кезіндегі (1670-1697 жж.) қақтығыстар келіссөздермен ауысып отырды. Бұл жорықтар Қалдан-Бошоқтының мұрагері Цеван-Рабдан қонтайшының (1697-1727 жж.) тұсында қайта жалғасты<sup>1</sup>. Қытайдың манчжур әулетімен ыңғайлы саясат ұстануының арқасында жас билеуші ашық кикілжіндерге келмей, өз күшін Жоңғарияның солтүстік-батысындағы көшпелі және жартылай көшпелі халықтарға қарсы жинады. Жоңғар шапқыншылықтары бірінен соң бірі жалғасты (1711, 1715, 1717, 1718, 1719 жылдары). Ру-тайпалық және феодалдық талас-тартыстар жүріп жатқан Қазақ хандығына жылдан-жылға күшейіп келе жатқан көршісінің басып алу қаупі төнді. Жоңғарлардың Қазақ хандығына ірі шапқыншылығы 1710 жылы басталды. Бұл шапқыншылықтың нәтижесінде, 1710 жылдың күзінде Қарақұмда Тәуке хан қазақтың үш жүзінен құрылған құрылтай шақырды. Құрылтайдағы басты мәселе – жоңғарларға қарсы біртұтас жасақ құру болды. Батырлар рулар мен жүздерден құрылған жасақты біріктіруді жақтады, оның ішінде Бөгенбай батыр ерекшеленіп, ол қазақ жасағының қолбасшысы болып сайланды. Барлық қазақ жүздерінің бірігуі айтарлықтай нәтижелер берді. Қазақ жасақтары жоңғарларға қарсы шабуылға шығып, оларды шығысқа ығыстырып, жерлерін қайтарып алды. Бірақ, қазақ жүздерінің арасында алауыздық басталды. Бұл іс-әрекеттердің бытыраңқылығына және топтардың бәсекелестігіне алып келді. 1713 ж. және 1716 ж. жоңғарлар Қазақ хандығына қайта басып кірді. 1717 ж. Аягөз өзенінің жоғарғы ағысында қазақтардың жеңілісімен аяқталған үш күндік шайқас болды. 1718 ж. жоңғарлар Жетісу арқылы Арыс, **Бөген**, Шаян өзендерінде қоныстанған қазақтарға шабуыл жасады. Олардың мақсаты – қазақ хандарының ордасы Түркістанды басып алу болды. Қазақ-жоңғар қатынастарының келесі бір күшейген кезеңі – қазақтар үшін қайғылы болған «Ақтабан шұбырындымен» байланысты. Жоңғарлардың жоспарланған басып алушылық жорығы қазақ халқы тарихында «Ұлы жұт жылдары» деп аталған 1723 жылы көктемде жүзеге асырылды. Жоңғарлар өздерін шығыстан қауіпсіздендіріп, қазақтардың алауыздығын пайдалана отырып, барлық күшін біріктіріп жорыққа аттанды. 1723 ж. көктемде 70 мыңдық әскері бар жоңғарлар Қаратау таулары арқылы Талас өзені даласына басып кірді. Қазақтар жоңғарлардың бұл уақытта шабуыл жасағанын күтпегендіктен, қыстауларынан көшуге дайындық жүргізіліп жатқан болатын. Өте жақсы дайындалған жоңғар әскері Хуно Дабо бахадүрдің және әскербасы Әмірсананың басшылығымен Алатауды басып өтіп, ерлер мен әйелдерді түгелдей қырып, қыздарды күндікке алып кетті. Қазақтың Ұлы және Орта жүздері малы мен дүние мүлкін тастап, Самарқанд пен Ходжентке, ал Кіші жүздің қазақтары Хиуа мен Бұхараға

<sup>1</sup> Моисеев В.А. Джунгарское ханство в XVIII в. А-А, 1991.

шұбыра көшті. 1724-1725 жж. Жоңғарлар Түркістан мен Ташкентті басып алып, оны талқандады. Жоңғарлардың бұл ірі шапқыншылығының сәтті болуының себебі, олардың аяқ астынан қазақтарға шабуыл жасап, әскери дайындығының жоғары деңгейде болуы. Сөз жоқ, жоңғарлар қазақтардың әлі қыстауда отырғандығын және тез арада жасақ құра алмайтындығын біліп, осы сәтті уақытты таңдаған. Жақсы қаруланған жоңғар әскерінің шайқастағы тәжірибесі мол болды. Әскер қару-жарақпен ғана емес, зеңбіректермен де жабдықталды, сондай-ақ қалмақ әскерлерінің қытай әскерлеріне қарсы көпжылдық соғыс тәжірибесі болды.

Тарихта «Ұлы жүт жылдары» деп аталған кезең қазаққа үлкен зардап, аштық алып келіп, материалдық құндылықтар қиратылды, өндіргіш күштердің дамуына орны толмастай салдарын тигізді: мыңдаған ерлер, әйелдер және балалар құлдыққа айдап әкетілді. Жоңғарлардың қысымына шыдамаған көптеген қазақ тайпалары өздерінің ғасырлар бойы өмір сүрген қоныстарын тастап кетуге мәжбүр болды, соның нәтижесінде «жұтау мен өлім... Қайыршылық пен қайғы жаппай орын алды, біреулер аштықтан өлді». Бұл ауыр апаттың себептерін зерттеушілер қазақ қоғамында қалыптасқан жағдайлармен байланыстырады. Қазақ хандығы өзінің тәуелсіздігіне қатер төнгеніне қарамастан, ұзақ уақыт бойы бытыраңқылықта өмірді<sup>2</sup>.

1723 ж. жеңіліс қазақ халқын жасытқан жоқ және қоғамда басып алушыға деген қарсылықты күшейте түсті. Егер қазақ даласында жауды тоқтатып қана қоймай, оны қуып шығатын күштер табылмағанда, қазақ халқының тағдыры бұдан да қайғылы болар еді. Өз ортасынан Бөгенбай, Қабанай, Тайлақ, Саурық, Жәнібек, Малайсыры, Өтеген және тағы да басқа көптеген атақты ұйымдастырушылар мен қолбасшыларды шығарды, мемлекетті аман сақтап қалу ісін халықтың өзі қолға алды<sup>3</sup>. Сонымен қатар әскери күшті саяси жағынан жұмылдырудың күрделі үдерісіне Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды қоғамдық және саяси қайраткерлер өз үлесін қосты. 1726 ж. жоңғарларға қарсы тойтарыс беру үшін үш жүздің басын қосу жөніндегі саясат белсенді түрде жүргізіле бастады. 1726 ж. Ордабасы жерінде (Шымкенттен оңтүстік-батысқа қарай) барлық үш жүз өкілдерінің басын біріктірген тарихи құрылтай болды. Онда барлық қазақтарды біріктіру қажеттілігі мен халық жасағын ұйымдастыру жөнінде шешім қабылданды. Жасақтың бас қолбасшысы болып Кіші жүз ханы Әбілхайыр (1718-1748 жж.) тағайындалды. Ол қазақ қоғамының жоңғарға қарсы күштерін біріктіруге үлкен үлесін қосты. Осы құрылтайдан кейін үш жүздің жасақтары бірігіп, 1726 ж. Сарысу өзенінің батысына қарай орналасқан Бұланты өзенінің жағасында жоңғарларды ойсырата жеңеді. Бұл осы уақытқа дейін болған соғыстардың ішіндегі жоңғарларды жеңген алғашқы шайқас болды. Қалмақтар көптеп қырылғандықтан, шайқас болған жер «Қалмақ қырылған» деп аталды. 60 мыңдық қазақ жасағы жоңғар күштеріне үлкен соққы берді. Бұл жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, өз күшімен жауды жеңуге

<sup>2</sup> Тынышбаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шубырынды). А-А, 1991.

<sup>3</sup> Копеев М.Ж. Таңдамалы. А., 1992

болатындығына үлкен сенім ұялатты. Қазақ жасағы бастаманы өз қолына алып, жоңғарларға қарсы соғысқа шықты. Қазақ халқының жоңғар жаулап алушыларына қарсы азатық күресіндегі елеулі оқиға – Аңырақай шайқасы болды. Ол 1730 ж. көктемінде Балқаш көлінен оңтүстік-шығысқа қарай 120 шақырым жердегі халық арасында «итішпес Алакөл» (көл тұзды болғандықтан, осылай аталған) атымен белгілі Алакөл көлінің жанындағы Аңырақай атты жерде болды. Жасақты Әбілхайыр хан басқарды. Шайқас батырлардың жекпе-жегімен басталды. Оны Шәкәрім Құдайбердіұлы былайша суреттейді: шайқас даласына келген Сабалақ (Абылайдың лақап аты) мынаны көреді: қазақтар мен қалмақтар белесте бір-біріне қарама-қарсы тұр, ал әскердің алдында Қалдан Цереннің күйеу баласы, жоңғар қонтайшысының ұлы Шарыш жалғыз шығып, қазақ батырларын жекпе-жекке шақырып тұр. Әбілмансұр (Абылайдың шын аты) жекпе-жекке шығуға ханнан рұқсат сұрап және батасын алып, «Абылай! Абылай!» деген ұранмен атымен шауып келіп Шарышты жеңеді. Қылышын бір сілтегеннен Шарыштың басын кесіп, «Жау жеңілді!» деген айқаймен қазақ жауынгерлерін өзіне қарай шақырды. Бытыраған қалмақтар қашты. Шарышпен болған жекпе-жекті есте қалдыру мақсатында халық оған Абылай деген ат берді»<sup>4</sup>.

200 шақырымға жуық жерді алып жатқан Аңырақай шайқасындағы соғыс алаңында қазақтар жеңіске жетті. Бұл жер жаудың «аңыраған, боздаған жері» деген атқа ие болды. Бірақ, қазақтардың Аңырақай шайқасындағы жеңісті ары қарай сақтап қалуына Әбілхайыр, Әбілмәмбет және Сәмеке хандар арасындағы алауыздық кедергі келтірді. Талас-тартысқа Болат ханның кенеттен қайтыс болуы себеп болды. Осыдан кейін үш жүздің жоғарғы ханын сайлауға байланысты бәсеке басталды. Қазақ жасақтарының бас қолбасшысы Әбілхайыр Қазақ хандығы билігінің өзіне берілмегеніне ренжіп, Қазақстанның батыс шекарасына көшіп кетті. Орта жүз ханы Сәмеке де шайқас алаңын тастап кетіп қалды. Осы жағдайлар Аңырақай шайқасындағы жеңісті ұзақ уақытқа дейін сақтап қалуға кедергі болды. Кіші және Орта жүз жасақтары кетіп қалғаннан кейін жалғыз қалған Жолбарыс хан, жоңғарлармен келісімге келуге мәжбүр болды. Осы жағдайлардың нәтижесі қазақ жерлерін жоңғарлардан түпкілікті азат ету ісіне үлкен соққы болып тиді. Жоңғарлардың Қазақстанға басып кіруінің салдары қайғылы болды. Қалалар қаңырап, сауда мен қолөнер ісі нашарлады. Көшудің дәстүрлі циклдары мен бағыттары бұзылды, Қазақстанның көшпелі мал шаруашылығымен және Орта Азияның отырықшылықпен, қолөнермен айналысатын орталықтары арасындағы экономикалық байланыстары өзгеріске ұшырады. Орта жүздің тұрғындары біршама уақыт бойы жоңғар феодалдарына бағынышты болды, мұның өзі қазақ жүздерінің экономикалық және саяси байланыстарын әлсіретіп, Қазақстандағы саяси алауыздық үдерісін күшейтті<sup>5</sup>. Тайпалар мен халықтардың көші-қон орнын

<sup>4</sup> Құдайбердіұлы Ш. Родословная тюрков, киргзов, казахов и ханской династий. А., 1990.

<sup>5</sup> Тынышбаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шубырынды). А-А., 1991, Қасымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). - Алматы, 1999

ауыстыруына байланысты этникалық шекаралар бұзылды, бұл Азияның осы аймағындағы халықаралық қатынастарды бірден күрделендірді. Қазақ жүздері әлсіреді, дегенмен халықтың арқасында мемлекеттік территорияның тұтастығы сақталып қалды.

Ұзаққа созылған қазақ-жоңғар қайшылықтары жайылымдық жерлер мен жақын аймақтардағы сауда орталықтарына қол жеткізу үшін көшпелі халықтар арасындағы өзара шиеленісті күшейте түсті. Қазақ жүздері мен XVI ғ. соңынан бастап Ресейге бағынышты болған оңтүстік Еділ бойы, Орал маңы, Батыс Сібір халықтары арасындағы қарама-қарсылық өрши түсті. Өзінің позициясын ары қарай бекіте түсуді көздеген Ресей Еділ қалмақтары, башқұрттар, сібір татарлары сияқты «адал бағыныштыларының» қоныстану аймағына өзінің форпосттарын орналастырып, Кіші және Орта жүз қазақтарының көшу кеңістігіне қарай жылжи түсті. Бұл көшпелі халықтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінде, тұрмысында, мәдениетінде тарихи қалыптасқан әртүрлі байланыстары болды. Қазақтардың оңтүстік Орал мен батыс Сібірде көшіп жүрген башқұрттармен тығыз қарым-қатынаста болды. Қазақтар мен Еділ қалмақтары арасында күрделі қақтығыстар болған кезде, Кіші жүз руларының бір бөлігі Үй-Миас өзендерінің аралығы мен Жайықтың оңтүстік жағасында өмір сүрген башқұрт жерлерінде өмір сүрген. Патшалық әкімшілік башқұрт жайылымдарын оңтүстік-шығысқа ығыстырғаннан кейін, олардың арасында қазақ жүздеріне бағытталған қарулы қақтығыстар көбейе түсті. Бұл қақтығыстардың күрделілігі туралы 1730 ж. мамыр-маусым айлары аралығында Кіші жүздің жеріне **белгілі (ақсүйектен шыққан)** башқұрт тарханы Алдар Есенгелдиннің келгендігі дәлел болады. Ол қазақ-башқұрт арасындағы жер дауын шешу үшін Әбілхайырдан Ресейге елші жіберуін талап етті.

Еділ қалмақтарымен арадағы қарым-қатынас бұдан да күрделі болды. XVIII ғасыр қалмақ ханы Аюкенің халықаралық позициясының күшеюімен сипатталады. Ол Еділдің төменгі ағысы бойында көшіп жүрген ұлыстардың билеушілерін өзіне бағындырып, осы геосаяси аймақтағы өзінің ықпалын күшейту үшін белсенді күрес жүргізе бастады. XVIII ғ. алғашқы онжылдығында Аюке хан Ресей империясының ішінде де айтарлықтай күшейді, ол патшалық үкіметтің талабымен әскери жасақтарды тұрақты түрде жеткізіп отырды, ал Ресей өзінің европалық саясатында қалмақ жауынгерлерінің әскери мүмкіндігін пайдаланып, Аюкенің Оңтүстік Орал маңы, соның ішінде қазақ даласына бағытталған тонаушылық жорықтарына кедергі келтірмеді. Қазақтардың, қарақалпақтардың, башқұрттардың жауап шабуылы аймақтағы саяси жағдайдың тұрақсыздануына алып келді. Белгілі тарихшы В.А. Моисеев 1720-шы жылдары Цеван-Рабданның Аюке ханға жіберген елшісінің қазақтарға қарсы өзара бірігіп шабуыл жасау туралы ұсынысымен келгендігі туралы жазады. Сол уақытта мұны Аюке хан патша үкіметіне хабарлайды, олар Аюкенің ұсынысын қабылдамай, қазақтар мен

жоңғарлар арасындағы соғысқа араласпау керектігін айтады<sup>6</sup>. Бұл Әбілхайыр ханға мәлім болуы керек, сондықтан ол 1723 ж. 20 мыңдық қазақтардан және қарақалпақтардан құрылған әскерге қолбасшылық етіп, ескерту жорығын жасайды.

Бұл кезде қазақ жүздерінің оңтүстік шекарасында да күрделі әскери-саяси жағдай қалыптасты. Бұхар хандығы бірнеше тәуелсіз иеліктерге бөлінеді. XVIII ғ. басы өзара талас-тартыстың күшеюімен сипатталады, нәтижесінде Бұхарадан Ферғана, Балх, Ходжент және басқа да иеліктер бөлініп кетеді. Осыған ұқсас жағдай көршілес Хиуада да қалыптасты. Қазақ хандары мен сұлтандары Хиуа хандығының ішкі саяси өміріне белсенді түрде қатысып, жергілікті топтар оларды өздерінің ханы етіп сайлады.

Саяси жағынан қазақ билеушілерінің қоластында болған қарақалпақтар Сырдарияның төменгі және орта ағыстарында қоныстанды. Олар өтіп жатқан керуендерден алым жинап, салықты нанмен төледі және көрші халықтардың отырықшы аудандарына жасалған біріккен әскери жорықтарға қатысты.

XVIII ғ. басы шығыстық Ресейдің де белсенді болуымен, стратегиялық қызығушылықтарымен және сыртқы саясатының мақсаттарымен сипатталады. Орыс үкіметі геосаяси кеңею міндеттерін жүзеге асыра бастайды: басты мақсаты Ертіс бойында қамалдар салу болып табылатын И.Д. Бухгольцтың экспедициясы 1715 ж. шығыс Қазақстанға жіберіледі. 1716 ж. Омбы, 1717 ж. Железинск, 1719 ж. Семей, ал 1720 ж. Өскемен қамалдарының негізі қаланды. Осы уақытта А.Бекович-Черкасскийдің экспедициясы Каспий теңізінің шығыс жағалауын зерттеп, Арал маңының картасын жасайды. I Петр сенат көшірмешісі И.Кириллов пен шет елдер ісі Коллегиясының аудармашысы Мәмет Тевкелевке қазақтарды Ресей қоластына кіргізудің жобасын жасауды тапсырады. Сондай-ақ, ол Тевкелевке былай деп тапсырма береді: егер «ол орда бодандықты қаламаса, ұлы шығындарға қарамастан, миллион ақшаға дейін шығын шықса да, бір парақ қағазбен Ресей империясының протекциясында болуға міндеттелсін...»<sup>7</sup>. Бірақ I Петрдің өлімі бұл жобаның жүзеге асуына кедергі болды.

Осылайша, XVIII ғасырдың екінші онжылдығының ортасына қарай қазақтардың батыс, солтүстік, оңтүстік-шығыс көршілерімен қарулы қақтығыстарының өршуі, билік үшін өзара талас-тартыс қазақ жүздерінің ішкі және сыртқы жағдайын қиындатты.

#### СЕМИНАР СҰРАҚТАРЫ:

1. XVIII ғ. басында Жоңғар агрессиясының күшею себептері?
2. Ақтабан шұбырынды жылдарындағы қазақ жүздеріндегі жағдайды сипаттаңыз?
3. Аңырақай шайқасының тарихи маңызы?
4. XVIII ғ. басында қазақтар мен Еділ қалмақтарының арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуі.

<sup>6</sup> Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство в 18 веке.-Барнаул, 1998.

<sup>7</sup> Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века.- Алма-Ата, 1948

#### СӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

- Қазақ халқының жоңғар жаулап алушығына қарсы азат ету соғысындағы батырлардың рөлі.
- Ұлы жүт жылдары – «Ақтабан шұбырынды»
- Аңырақай шайқасы және оның бүкіл қазақ халқына маңыздылығы

### **XVIII ғ. 30-50-ші жж. Ресей империясының Қазақстанда жүргізген саясаты**

1730-шы жылдардың басына қарай қазақ жүздерінің ішкі саяси жағдайы мен халықаралық байланысы күрделене түсті. Жоңғарлармен болған соғыстың аяқталуы басты міндетті – Қазақстанның басып алынған оңтүстік территориясын түпкілікті қайтарып алуды шеше алмады. Қажетті қысқы жайылымдарынан айырылған қазақ тайпалары солтүстікке қарай көшті, онда олар Ресей мемлекетінің шекараларына тығыз жақындады. Бұл Еділ қалмақтарымен, башқұрттармен, орыс қамалдарының гарнизондарымен, Жайық және Сібір казактарымен қақтығыстардың көбеюіне алып келді. Осыған орай билік үшін әулетаралық күрес шиеленісе түсті. Қазақ хандығының алдында маңызды және күрделі міндет – қазақ жүздерін сыртқы жаулардан қорғау және ел ішінде күшейіп келе жатқан ішкі талас-тартыстар үдерісін еңсеру тұрды. Осы жағдайда қонысы Ресей шекарасына жақын орналасқан қазақ ақсүйектер элитасының бір бөлігі Ресеймен тығыз қарым-қатынас орнатпақ болды. Олар патшалық үкіметтің көмегімен ішкі саяси жағдайды тұрақтандырып, шекаралас территориядағы жер дауын реттеп, Еділ маңы, Орал маңы, Батыс Сібір базарына рұқсат алмақ болды, сонымен қатар орыс әскерлерінің көмегімен жоңғарлар тартып алған Жетісу жерлерін қайтарып алуды көздеді. Бұл жағдайлар хандық билік институтының тұрақсыздығына, сондай-ақ Кіші жүз ханы Әбілхайырдың атаққұмарлығы оның 1730 ж. Ресей императрицасына жүгінуіне себеп болды. Әбілхайыр хан Ресей императрицасына өзінің қоластындағы халқымен бірге Ресейдің бодандығына алуын өтініп, Құлымбет Қоштаев пен Сейітқұл Қойдағұлов бастаған елшілігін жіберді<sup>8</sup>. Ортаазиялық базармен байланысын нығайтуды көздеп, Әбілхайыр хан Хиуа мен Бұхараға орыс көпестерінің керуендерін шығарып салуға дайындығын білдіріп, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндігіне уәде берді. Сонымен бірге жыл сайын 4000 түлкі көлемінде жасақ төлеп, өз балаларын аманат ретінде жіберетіндігіне уәде берді. Осылардың қайтарымы ретінде Ор өзені сағасына қамал салып беруін, оған және оның ұрпақтарына хандық титулды бекітуін, башқұрт, қалмақ, Жайық казактарының тонаушылық жорықтарынан қорғауын сұрады.

---

<sup>8</sup> Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Алматы, 1999.

Қамалды салу арқылы, Әбілхайыр хан өзінің хандық билігін нығайтуды және қоластындағылар мен бағынбағандарды жуасытуды көздеді.

Шет елдер ісі Коллегиясы елдің азиялық саясаты бойынша жеткілікті дәрежеде тәжірибе жинақтады. Ресей 1730 ж. қазақ елшілігіне дейін, Еділ қалмақтарын, Кабардин княздықтарын, грузин жерлерін құрамына қабылдаған болатын. Әбілхайырдың елшілеріне әртүрлі құрметтер көрсетіліп, құнды сыйлықтар сыйланып, шет елдер ісі Коллегиясының аудармашысы – А.И.Тевкелевтің басшылығымен қазақ еліне қайтарылды. Қазақ елшілігінің қайтатын күні А.И. Тевкелевке 12 пункттен тұратын «Шет елдер ісінің Мемлекеттік Коллегиясы шығыс тілдерінің аудармашысы Мәмет Тевкелевке Қырғыз-қайсақ ордасына жіберілу кезінде оларды Ресей қоластына кіргізуге арналған нұсқау» тапсырылды. Ханның айналасындағы адамдар Ресей бодандығын қабылдаудан бас тартқан жағдайлар кездесетін болса, «Нұсқаудың» 3-пункті бойынша А.И. Тевкелев оларды грамотаға қол қоюға көндіруі керек болды. Адалдыққа кепілдік алу үшін Әбілхайыр ханның рұқсатымен Ресейге аманаттар жіберу қарастырылды<sup>9</sup>.

Елшілер дәстүрге сәйкес, қандай болмасын принципіалды сұрақтарды жеке өзі шешуге құқығы болмады және нұсқауды орындауы керек болды. Ал, А.И.Тевкелевтің іс-әрекетіне толықтай еркіндік беріліп, оның өкілеттігінің шегі болмады. Сонымен қатар ол күнделікті журнал жазбаларын жүргізуі керек болды, өйткені патшалық Ресей өз елшілерінің барған елдер туралы белгілі бір білімдер кешенін талап етті.

1731 ж. қазанда А.И. Тевкелев Ырғыз өзеніндегі Майтөбе шатқалындағы Әбілхайыр ханның ордасына келді. 1731 ж. 10-қазандағы Кіші және Орта жүз рубасыларының жиналысында Әбілхайыр хан өзінің Петербургқа елші жібергендігі туралы мәлімдеді. Бірақ, атақты сұлтандар мен старшиналардың басым бөлігі Ресей бодандығын қабылдауға келіспеді. Әбілхайыр ханды атақты Бөкенбай батыр қолдады. Ол жиналысқа қатысушыларға өзінің Ресейдің қоластына кіргісі келетіндігін жариялады. Бөкенбай батыр мен оның тобының Әбілхайыр ханды қолдауы қалыптасқан жағдайды саябырсытты. Пара беру, келіссөз, кейде қорқыту арқылы А.И. Тевкелев хан ордасындағы Ресейге қарсы күштердің арасалмағын өзгерте алды. Бөкенбай батырдың белсенді көмегіне сүйене отырып, А.И. Тевкелев өз ісінің сәттілігінің кепілі ретінде оған 500 сомның тауарын ұсынуды жөн көрді, бірақ көреген Бөкенбай батыр одан бас тартуды жөн санады.

Ресейге адалдығын білдіріп, Әбілхайыр хан бірінші болып одан кейін Бөкенбай батыр, оның күйеу баласы Есет батыр, одан соң Құдайменді мырза Құранмен ант берді. Алғашқы антты ханнан басқа старшина қызметіндегі 29 адам растады. Әбілхайыр хан өзінің дегеніне қол жеткізді және императрицаның грамотасы заңдық күшіне енді. Бұл тарихи жағдай қазақ жерлерінің Ресей құрамына қосылуының ұзақ үдерісінің бастамасы болды. А.И.Тевкелевтің елшілігі 1732 ж. 24-қарашасында қайтар жолға шығып, 1733 ж. 2-қаңтарында

---

<sup>9</sup> Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века.- Алма-Ата, 1948

Уфаға оралды. Құрметті аманат ретінде онымен бірге Әбілхайырдың ұлы Ералы сұлтан мен бірнеше старшина келді. 1734 ж. 10-ақпанда Ералы сұлтанды Петербургте Ресей императрицасы Анна Иоановна қабылдады. Қабылдаудағы сөзінде ол қазақ халқының «мәртебелі қолдауға және Ресейдің мәңгілік бодандыққа қабылданғандығын» тағы да растады<sup>10</sup>. Бірақ та, Кіші жүз Ресей бодандығын қабылдағанынан кейін де қазақ қоғамындағы жағдай шиеленіскен күйде қала берді. Орта және Ұлы жүз жерлеріне белгісіз басып кіру қаупі сақталды. 1733 ж. соңында Ұлы жүз елшілері – Аралбай мен Оразгелді Әбілхайырға Ұлы жүзді Ресейдің қоластына кіргізуіне көмектесуін сұрап келді. Осы уақытта Ұлы жүздің сұлтандары мен билері – Қодар би, Төле би, Сатай батыр, Хангелді батыр және Бөлек батыр императрицадан өздерін бодандыққа қабылдауын сұрады. 1734 ж. 10-маусымда Анна Иоановна Орта жүздің Ресей бодандығына қабылданғандығы жөніндегі жарлыққа қол қойды. Бұйрық Әбілхайыр ханға жіберіліп, Ұлы жүз ханы Жолбарысты Ор өзені сағасына ант қабылдауға шақырды. Жолбарыс хан өз кезегінде орыс-ортаазия саудасын нығайтуға жәрдемдесу мүмкіндігі туралы мәлімдеп, сауда керуендерін қорғауға уәде берді. 1738 ж. 19-қыркүйегінде императрица грамота негізінде Ұлы жүздің Ресей құрамына қабылдағандығын растады. Бірақ, аймақтың Ресейден алыста орналасуы, күрделі сыртқы саяси жағдай бұл акттың жүзеге асырылуын кейінге ысырды, дегенмен ол кейіннен мәжбүрлі түрде орындалған болатын.

Кіші жүз және ішінара Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдағандығы жөніндегі заңдық акт рәсімделгеннен кейін, оның нақтылы жүзеге асырылу кезеңі басталды. Мұнда маңызды рөлді «Қырғыз-қайсақ экспедициясы» атқарды. Ол кейіннен Орынбор экспедициясы деп өзгертілді. Орынбор экспедициясы 1734 ж. ұйымдастырылды, оны Сенаттың обер-секретары И.К. Кириллов басқарды, ал көмекшісі болып Кіші жүзге жіберілген үкіметтің тапсырмасын сәтті орындағаны үшін полковник қызметіне ауыстырылған А.И. Тевкелев тағайындалды<sup>11</sup>. 1734 ж. басында императрицаның атына және шет елдер ісі Коллегиясына жасаған ұсынысында И.К. Кириллов Ор өзенінің Жайыққа құяр жерінде қамал-қала салу керектігіне назар аударды. 1734 ж. 10-маусымында императрица И.К. Кирилловқа Арал теңізінде кемелер жасағын құруға тырысу керектігін тапсырды. И.К. Кирилловтың шет елдер ісі Коллегиясына жасаған ұсынысын мұқият зерттегеннен кейін, императрица Орынбор экспедициясы басшысына башқұрттардың, қазақтардың, Жоңғарияның және Хиуаның қарым-қатынастары туралы нұсқауды бекітті. Қазақстандағы және көршілес елдердегі жағдайды жиі хабарлап тұрудан басқа, Әбілхайырдың Хиуамен соғысында қару-жарақ пен соғыс қажеттіліктеріне көмектесу қажет болды. 1734 ж. 10-маусымдағы грамотамен императрица Әбілхайыр ханды қорғауға арналған Ор өзені бойында қала-қамал құрылысын салуды бекітті. Экспедицияның жан-жақты жоспары бірнеше себептерге, соның ішінде 1734-1738 жж. башқұрттардың көтерілісіне байланысты жүзеге аспай қалды.

<sup>10</sup> Ерофеева И.В. Хан Абулхайр: полководец, правитель, политик. Алматы, 1999.

<sup>11</sup> Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века.- Алма-Ата, 1948



Сонымен бірге 1734 ж. 10-маусымда Орта жүз ханы Сәмекеге оның тағы да бодандыққа қабылдау жөніндегі өтінішін бекіткен императрицаның грамотасы жіберілді. Бірақ Сәмекенің өліміне байланысты, грамота тапсырылмай қалды. Орта жүздің жаңа ханы Күшік пен Барақ сұлтан 1735 ж. соңында Тевкелевтің атына жазылған хатта Ресей бодандығын қабылдағандығын растап, оларға елшілік жіберуін сұрады. 1736 ж. Ресей бодандығын Орта жүздің батыры Жәнібек өз ауылдарымен бірге қабылдап, осы жүздің сұлтандары – Барақ пен Сәмекенің ағасы Әбілмәмбет те бодандықты қабылдағандығын растады. Ресей әкімшілігінің беделін көтеру үшін Әбілхайыр қазақ көпестерінен салық алуды тоқтату жөніндегі сұрақты көтерді. Ресей үкіметі Әбілхайырдың қазақтарға бодандықты қабылдауына көмектескен іс-әрекеттеріне қанағаттанды. Әбілхайыр және оның айналасындағылар арқылы Ресей қазақ даласындағы позициясын нығайтуға мүмкіндік алды<sup>12</sup>.

И.К. Кириллов Ор өзенінің бойында камал, қазіргі Орынбор қаласын салдырды. Орынбор қаласы Ресейдің Шығысты отарлаудағы тірек базасы болды. И.К. Кирилловтың өліміне байланысты, 1737 ж. сәуірде Орынбор өлкесінің губернаторы болып белгілі тарихшы В.Н. Татищев тағайындалды. Орынбор экспедициясының атауы Орынбор комиссиясы болып өзгертілді. В.Н.Татищевтің инициативасы бойынша Орынбор қаласы Ор өзені бойынан басқа жерге, яғни Красногорск қамалы тұрған жерге көшірілді. Жаңа губернатордың басты саяси мақсаты – Кіші және Орта жүздің беделді шыңғыс ұрпақтарының бодандығын нығайту болды.

Патшалық үкімет Әбілхайырдан қайтадан ант қабылдауға шешім қабылдады. 1738 ж. 3-тамызында Әбілхайыр өзінің Ресейге адалдығын ант арқылы ресми түрде қайтадан растады. 4-тамызда Ресей бодандығын Әбілхайырдың екінші ұлы Ералы сұлтан мен Кіші және Орта жүздің 56 старшыны қабылдады. 1740-1742 жж. қазақ даласына жіберілген көптеген дипломатиялық миссиялар, екі жақтың келіссөздері Ресей бодандығын ант арқылы қабылдаумен жүзеге асырды. 1740 ж. Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен беделді сұлтан Абылай бодандықты қабылдады. Абылайдың қазақ даласындағы беделі өте жоғары болды. Олармен бірге қазақ ақсүйектерінің 290 өкілі ант қабылдап, ант парақтарына өздерінің жеке таңбаларын қойды. Әбілхайырдың үшінші, Ресейдің бодандығын қабылдағандығы жөніндегі анты 1742 ж. тамыз айының 20-шы жұлдыздарында болды, бірақ бұл анттың 1731, 1738 жж. анты сияқты маңызы болмады. 1742 ж. қарашасында Ресей бодандығын Барақ сұлтан өз жерінде қабылдады. XVIII ғ. ортасына қарай Кіші жүз бен Орта жүздің түгелдей дерлік хандары мен беделді сұлтандары Ресейдің қоластына ресми түрде өтті<sup>13</sup>.

Әбілхайыр мен оның айналасындағылардың, ал кейіннен Орта жүздің беделді шыңғыс ұрпақтарының Ресей бодандығын қабылдауы Орталық Азиядағы мемлекетаралық қатынастардың ары қарай таралуын айтарлықтай өзгертті. Қазақтар жиі қайталанып тұрған жоңғарлардың тонаушылық

<sup>12</sup> Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII–начало XIX вв. –М.,1960

<sup>13</sup> Ерофеева И.В. Хан Абулхайр: полководец, правитель, политик. Алматы, 1999.

жорықтарынан құтылғанына қарамастан, біртіндеп далалық аймақтарды әскери-казактық отарлау басталды. Қазақ даласының кеңдігі Ресей шенеуніктеріне бақылаусыз және аз қоныстанған деген жалған түсінік қалыптастырған болатын. XVIII ғ. 30-шы жылдары патшалық барлық амалдармен, негізінен әскери-қорғаныс шептеріне сүйене отырып, көшпелілердегі аграрлық қатынастар түрінің ерекшелігін жете түсінбей, жеке шаруалардың және үкіметтік отарлауды қолдады.

Ресей және қазақ жағынан қол қойылған сол уақыттың құжаттарында маңызды мемлекетаралық мәселелер көрініс таппаған. Соның ішінде әкімшілік-территориялық шегі, шекара мәселелері, жер қорын пайдаланудың болашағы, казак жасақтарын орналастыру, шекаралық шептердің күші орнаған аудандарда орыс қоныс аударушыларын орналастыру мәселелері бар. Бұл мәселелер орыс билігінің таралуына қарай Жоңғар хандығы әлсіреген кезеңде Әбілхайырдың Орынбор әкімшілігімен жиі, әрі қиын келіссөздер жүргізуінің және ханның Ресейге байланысты ұстанымының нашарлауының басты себептері болды. Әбілхайыр өзіне жасалған Орынбордың әкімшілік қысымына қарай әскери-инженерлік база құрылыстарын кеңейтудегі патшалықтың қауіпті шараларын түсінді. Әскери-инженерлік база салу арқылы патшалық өлкеде әскери-отырықшылық отарлауын жүргізді. Тек 1740-1743 жж. аралығында Кіші жүз бен Оңтүстік Орал жерлерінің шекарасында қазақ жерлерін айтарлықтай тарылтқан көптеген қамалдар салынды.

Орынбор губерниясын ұйымдастырылды және оның бірінші губернаторы болып генерал И.И. Неплюев тағайындалды. Осыдан кейін И.И. Неплюев пен Әбілхайырдың арасында кикілжіңдер мен келіспеушіліктер басталды. И.И.Неплюевтің қызметімен бірқатар әкімшілік-саяси шаралар байланысты: Орынбор қаласы **Сақмар** өзенінің Жайыққа құяр жеріне ауыстырылды, жаңа Орынбор шептерінің қамалдары мен редуттары салынды, **Ой** шебі нығайтылды, қазақтармен және Орта Азия халықтарымен сауда дамытылды және кеңейтілді. И.И. Неплюев нығайтылған шептер құрылысын кеңейту жөнінде қатаң саясат жүргізді. Қазақтардың Жайық өзенінің оң жағалауына, яғни олардың иеліктеріне еркін өтуіне кедергі келтіріліп, Жайық шебі кеңейтілді. **Ой** шебі шығысында Жаңа Есілмен бірігуі керек еді. Жаңа Есіл шебі өз кезегінде Ертіс шебі арқылы Сібір редутымен бірігіп, оған 1743 ж. негізі қаланған Троицк бекінісі қосылды. Кейіннен оған Жаңа Есіл шебінің құрамында болған Звериноголовск қамалы қосылды. Нығайтылған шептерді мақсатты түрде біріктіргеннен кейін, Орынбор, Жаңа Есіл, Ертіс, Сібір, **Ой** шептері Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс аймақтарын қоршады. Нәтижесінде Оралдың сағасынан Өскемен бекінісіне дейін 3,5 мың шақырымға созылған, негізінен казактар қоныстанған қамалдар мен форпосттардың үзіліссіз шептері қалыптасты. Қазақ жерлері шамамен 70 мың шаршы шақырымға қысқартылды<sup>14</sup>.

И.И. Неплюев өзінің мақсаты – Әбілхайыр ханды күрестің шектен шыққан әдістерін пайдалана отырып саяси сахнадан кетіруді және ақылға сыймайтын

<sup>14</sup> Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.).- Алматы, 1999

каталдықпен өлкені отарлау шараларын жүргізуді бірден жүзеге асыра бастады. Ол Әбілхайыр мен Барақ сұлтанның арасындағы араздық туралы жақсы білді. Қазақ билеушілерін бір-біріне айдап салу арқылы, ол олардың арасындағы араздықты одан ары шиеленістіріп, жүздерді әлсіреткісі келді. Осы мақсатпен Орынбор әкімшілігі Орта жүздің сұлтаны – Барақты өзіне жақындатты. Әрдайым Әбілхайыр мен Барақты бір-біріне айдап сала отырып, И.И. Неплюев бағынбайтын және тиімсіз ханның жойылуына қол жеткізді. Әбілхайыр хан өлімінің себебі, оның Барақ және Батыр сұлтандардың жері арқылы өтетін сауда керуендерінің бағытын бақыламақ болғандығы. 1748 ж. басында Әбілхайырдың қоластындағылар Барақ сұлтанға той сыйлықтарымен бара жатқан Хиуа билеушісі Қайыптың той елшілігін тонап, онсыз да шиеленісіп тұрған жағдайды ушықтырды. 1748 ж. 1-тамызында Әбілхайырға көшіп келген **Үлкейік** пен Торғай өзендерінің аралығындағы қарақалпақтардың қосынындағы жанжал нәтижесінде бағынбайтын хан өлтірілді. Әбілхайыр күшінің қайнап тұрған шағында, 56 жасында өтірілді. Онымен бірге тұтас дәуір – Әбілхайыр дәуірі бірге кетті, ол 30 жылға жуық Қазақстандағы елеулі оқиғалардың ортасында болды. Әбілхайыр ханның өлімін өзінің жеке қарсыласы – Барақ құрған тұзаққа түсіп, өзі құрбан болған ішкі феодалдық күрестен іздеу керек. Ханның өмірін қиған Барақ сұлтанның жағдайы адам қызығарлық болмады. Өз дәуірінің ірі қайраткері, белгілі батыры болған Барақ өзінің атақ және билік жолындағы кедергілерін жоюды ойлады. Бірақ, ол қателікке ұрынды, руластарының басым бөлігі оған қарсы шықты. Оның қиын жағдайын Қазыбек бидің ұсынысымен ұйымдастырылған және оны ақтап шыққан билер соты да құтқармады. Барақ 2 жылдан соң уландырылып өлтірілуі ықтимал. Әбілхайыр ханның үлкен ұлы – Нұралының хан етіп тағайындалуымен қайғылы жағдайларға толы 40-шы жылдар аяқталады. Оның ішінде қазақ-жоңғар қарсылықтарының қиын-қыстау кезеңі, татуласпайтын екі тұлғаның – 1745 ж. Қалдан Цереннің және 1748 ж. Әбілхайырдың өлімі<sup>15</sup>. Бірінші жағдайда өз өмірінің соңғы стадиясына аяқ басқан, бір кездердегі мықты ел – Ойрат хандығының күшін әлсіреткен және билік үшін күрес басталды. Екінші жағдайда Қазақстанды ашық түрде әскери-казактық отарлауға негіз болған хандық мемлекеттіліктің біртіндеп әлсіреу кезеңі басталды.

#### СЕМИНАР СҰРАҚТАРЫ:

1. XVIII ғ. басындағы қазақ даласындағы тарихи ахуал
2. А.И.Тевкелев елшілігінің миссиясы
3. Орынбор экспедициясының құрылуы және оның қызметі
4. Қазақ даласындағы саяси жағдайдың шиеленісу себептері

#### СӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

- И.К.Кирилловтың Орынбор экспедициясы
- Әбілхайыр хан – мемлекеттік және саяси қайраткер, қолбасшы
- Абылай хан – саяси және мемлекеттік қайраткер

<sup>15</sup> Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.).- Алматы, 1999

## **XVIII ғ. 40-80-ші жж. Қазақстан шекаралас аймақтармен қарым-қатынас жүйесінде**

XVIII ғ. арнайы Орынбор казак әскері құрылды. Өзінің құрылымы бойынша ол тұрақты әскерге жақын болды және жоғарғы Жайық шебі бойында – Жайық қалашығынан Жоғарғы Жайық бекінісіне дейінгі аралықта қызмет етті. Жайық казактарының жері Жайық бойымен созылып жатты, олар Жайықтың оң жағасында 1745 ж. өз күшімен 7 қамал мен 11 форпост тұрғызды, 1769 ж. қарай Жайық шебі бойында 15000-ға жуық үкіметтік казак отбасы өмір сүрді<sup>16</sup>. Жалпы әскери меншік болып табылатын жерде казактар егіншілікпен, мал шаруашылығымен және балық аулаумен айналысты. 1748 ж. бастап үкіметтің бұйрығымен казактар жаз мезгілінде шөп дайындап, бекініске жақын жерлерде хуторлар сала бастады. Осы уақыттан бастап Жайық және Елек қалашықтарының аралығында Жайыққа құятын кішігірім өзендердің аралығында көптеген хуторлар пайда болды. Жайық пен Еділ өзендерінің аралығында, сонымен қатар Жайықтың оң жағалауында хуторлардың салынуы қазақтардың жерін шектей түсті. Ал қазақтарға казак шаруашылық құрылыстары ауданында көшіп-қонуға рұқсат берілмеді. Егер Жайық бойында Жайық және Орынбор казактары мен қалмақтарының иеліктері болса, ал Каспий теңізінің жағалауындағы жерлер де қазақтар үшін қолжетімсіз болды. Бұл жерде помещиктер – Безбородко мен Юсуповтардың саяжайлары болды. 305 шақырым бойы, яғни Еділдің сағасынан Жайықтың сағасына дейінгі Каспий теңізі жағалауының барлық дерлік жерлерінде помещиктер орналасты. Екі помещиктің де саяжайлары бос болды және онда ешкім тұрмады, жағалауда балық шаруашылығының ватагтарын ұйымдастырған көпестерге қайта сатып алу берілді. Помещиктердің приказчиктері қазақтарды бұл жерлерге үлкен төлем төлегенде ғана өткізді. 1752 ж. Ой шебін Ертіс шебімен байланыстыратын 10 бекініс пен 53 редуттан тұратын әскери бекіністердің шебі салынды. Бұл шеп Омбы бекінісін Звериноголовск (Бағлан) бекінісімен қосты және Жаңа Есіл деп аталды. Осының нәтижесінде орыс шекарасы Орта жүздің жеріне қарай 50-200 шақырымға созылды. Мұндай әрекет қазақтардың қалыптасқан көшу жүйесін бұзып, Ертістің оң жағалауындағы жайылымдық жерлерінен айырды. Әскери шептердің салынуы патша үкіметіне Орта жүз қазақтарының жерлерін шектеуді заңдастырған XVIII ғ. 50-ші жылдары алғашқы заңдық актілерді қабылдауға мүмкіндік берді. 1755 ж. наурызында Шетелдер ісі Коллегиясы Ертіске өтуге тыйым салды. 1764 ж. бастап қазақтарға Ертіске 10 шақырымға және бекіністер мен форпосттардың аудандарына 30 шақырымға жетпей көшуге рұқсат берілді. Осылайша, қазақтар ең жақсы жайылымдарынан айырылды. Қазақтардың казак хуторларын жоюға деген ұмтылыстары осы жағдайлармен түсіндіріледі. 1756 ж. бастап Кіші жүз қазақтарына Жайықтың оң жағалауына қыстауға көшуіне тыйым

<sup>16</sup> Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. Алматы, 1994

салынғандықтан, қазақтардың Жайық және Орынбор казактарымен қатынастары шиеленісті. Осы соң патша үкіметі қазақтарды жуасыту үшін «әскери барлау», яғни қазақ даласында кішігірім жазалау экспедицияларын ұйымдастырды. Казактарға тұтқындар алуға, мал-мүлікті тартып алуға рұқсат берілді. Үкіметтің «әскери барлау» атты бұйрығы Жайық және Орынбор казактарының қазақтарға көбінесе себепсіз тонаушылық жорықтарын ұйымдастырып, ауылдарын шауып, тонауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге казактармен қақтығыстарға қатысқан ауылдар алыстан көшіп келген болатын, ал қудалауға шептердің жанындағы бейбіт ауылдар ұшырады. 1742 ж. 19-қарашадағы қазақтарға Жайық арқылы малын айдап өтуге тыйым салатын Бұйрықты казактар өздеріне тиімді пайдалануға тырысты. Малды айдап өтуі үшін қазақтардан көп мал талап етті. Патша әкімшілігі казактардың бейбіт ауылдарға шабуыл жасамауы жөніндегі нұсқауды бұзып жатқандығын білді, бірақ жазалау экспедицияларын шектеу дұрыс емес деп есептеді. 1755 ж. казактардың ығыстыруына қарсы жауап ретінде казактар бекіністер мен форпосттарға жиі-жиі шабуыл жасады. Орынбор әкімшілігі мұндай қақтығыстардың казактардың кінәсінен болып жатқандығын мойындауға мәжбүр болды. Қазақтардың шеп казактарымен қақтығыстарының жиілегендігі соншалық, шетелдер ісі коллегиясы 1755 ж. 11-сәуірде казактарға қазақтарды жау ретінде әрекет жасауына рұқсат берді. Қарауылдар бекіністерде тәулік бойы, ал көрші қазақ даласында – арнайы пикеттер кезекші болды. Казактарға бекіністен белгілі бір конвоймен ғана шығуға рұқсат берілді, мал болса жаз мезгілінде бекіністің сыртындағы үлкен отрядтың қарауында болды. Далалық қыраттарда шеп бойымен күзет мұнарасы мен бақылау маягі орнатылды.

1770 ж. дейін қазақтардың Жайық пен Еділ аралығында көшіп жүрген қалмақтармен қарым-қатынасы күрделі болды. Ұлтаралық араздықты тұтату мақсатында патша үкіметі 1743 ж. 28-қыркүйегінде қалмақтарға 2 мың казакты көмекке беріп, қазақ даласына «әскери барлаулар» ұйымдастыруға рұқсат берді. Қалмақтар Жайық арқылы өтіп, қазақтардың көп малын тартып алып, айдап әкетті<sup>17</sup>. Қазақтардың қалмақтармен қатынастары 1771 ж. қарай шешілді, бұл кезде Убашы наместник бастаған қалмақтардың басым бөлігі патшалықтың ауыр қысымынан Жоңғария территориясына көшіп кетті. Бұрын қалмақтар орналасқан жайылымдар бос болғанымен, патша үкіметі бұрынғыдай қазақтардың осы жерлерді еркін пайдалануына рұқсат беруден бас тартты. Елек аумығында да тыйым салынған жерлер болды. Мұнда Елек бекінісін салуға байланысты қарсылық қозғалыстары басталды. Қазақтар бекініс салынғаннан кейін Елек өзені бойындағы жерлерінен айырылып қалуынан қауіптенді. Сондай-ақ қазақтар Елек бекінісінің ауданында шығарылатын тұзды алудан айырылып қалуына риза болмады. Сондықтан олар Орынбор губернаторынан Елек бойында еркін көшіп-қонуға және бекініс құрылысын бастамауға рұқсат беруін сұрады. Рұқсат бермеген жағдайда, олар бекіністі бұзып тастайтындығын айтып қорқытты. XVIII ғ. 50-

---

<sup>17</sup> Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. Алматы, 1994

ші жылдарынан бастап қазақтар патша үкіметімен жайылымдарының ауданын кеңейту жөніндегі бейбіт келісімдермен қатар, қарсылықтың бейбіт емес формасына да көшті: тыйым салынған территорияларға өз еркімен малын айдап және әскери бекіністерге қарулы шабуылдар жасады. Қазақ халқының Ресейдің отарлау әрекетіне қарсылық формасының бірі ретінде көрші елдерге көшіп кету арқылы бодандықты ауыстыру әрекетін қарастыруға болады. Сонымен қатар Жоңғар мемлекетінің жойылуына байланысты, Қытай шекарасында бос жерлер пайда болды. 1759 ж. Нұралы хан орыс әкімшілігіне қазақтардың қазақ-қытай шекарасына көшіп кеткелі жатқандығын мәлімдейді. Қазақтардың екінші және жүзеге асуы беймәлім әрекеті – Түркия жеріне көшіп кету болды. Осылайша, орыс отарлаушы әкімшілігі қазақ қоғамының экономикалық негіздерін бұзатын көптеген шектеулер қоя отырып, XVIII ғ. қазақ даласына белсенді түрде ене бастағандығын айтуға болады. Мұның барлығы XVIII ғ. 70-ші жылдары ұйымдасқан сипат алған қазақтардың отарлауға қарсы қозғалысының кеңінен өріс алуына себеп болды. Сондай-ақ, орыс әскерлерімен ғана емес, ішінара патшалыққа адал қызмет етуші қазақ билеушілерімен де күрес жүргізілді.

Жоңғарияда Қалдан-Церен қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлері арасында билік үшін кескілескен күрес басталды. Қазақ сұлтандары жоңғар билеушілерінің талас-тартыстарына қуана қатысты, себебі бұл оларға Жоңғарияның ішкі істеріне белсенді қатысып, Цеван-Рабдан мен Қалдан-Церен тұсында жаулап алынған Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс жерлерін қайтарудың сәтті мүмкіндігі болды<sup>18</sup>. Жайылымдық жерлері жоңғар иеліктерімен көршілес орналасқан Абылай хан Жоңғариядағы жағдайларға ерекше қызығушылық танытты. Таққа мұрагерлерді кезекпен қолдай отырып, жоңғарлардың территориядан бірталай шегінуіне қол жеткізді. Осы уақытта Моңғолиядағы қытай наместниктері Жоңғариядағы жағдайды жіті бақылады және осы елді жаулап алудың жоспарын дайындады. 1755 ж. Цинь императоры өз әскерін Жоңғарияға енгізді. Қытайлықтар елдің барлық территориясын алуға үміттенді, бірақ Зайсан мен Алакөл көлі маңында жүрген қазақтармен қақтығыстарға түсуден қашты. 1755 ж. жазда Қазақстанға Абылай сұлтанға қазақтармен арадағы позициясын айқындау үшін қытай елшілігі жіберілді. Бірақ Абылай хан Жоңғарияның басып алынуын мойындамай, жоңғарлардың Цинь империясына қарсы көтерілісін басқарған Әмірсанаға белсенді көмек көрсете бастады. 1756 ж. көктемде қазақ жасақтары қытай әскерлеріне қарсы Жоңғарияға жорық жасады. Осыған жауап ретінде қытай императоры Қазақстанды жаулап алуды бастауға бұйрық берді. Қарсылық көрсеткен жағдайда, Қазақстанның барлық тұрғындарын жою арқылы Орта жүздің жайылымына екі жақтан – оңтүстіктен және шығыстан басып кіру жоспарланды. Сонымен қатар қытай әскері осы уақытта Абылай ханды паналап жүрген Әмірсананы тұтқынға түсіруі керек болды. Шығыстан жылжыған әскерге Әмірсана мен Қожаберген батыр бастаған қазақ-жоңғар жасағы қарсы шықты. Оңтүстік әскеріне қарсы

---

<sup>18</sup> Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи. XVII-XVIII вв. Алма-Ата, 1991.

Абылай мен Бөгембай батырдың жасағы қарсы шықты. Қазақ ауылдарының орыс шекаралық шептеріне көшіп кетуіне мүмкіндік беріп, қазақ жасақтары Цинь әскеріне бірнеше соққы жасап, олардың далалық өңірге ішкерілей енуін тоқтатты. Қазақ жасақтары тұтқиылдан шабуыл жасап, белгісіз бағытта көрінбей кету арқылы екі қытай әскерінің бірігуіне кедергі келтірді. Саны азайған екі әскер үлкен талпыныстың нәтижесінде Есіл өзенінің жоғарғы ағысында бірікті, бірақ бұл қыс кезінде жүзеге асқан еді. Қытайлықтар жылқысыз, азық-түліксіз, жан-жағынан қазақ жасақтарымен қоршалған адам тұрмайтын далада қалды. Сондықтан қытай императорының Қазақстандағы өзінің қалған әскерінен айырылып қалмау үшін оларды кері қайтарудан басқа амалы қалмады. Қытайлықтар кері шегінді. 1757 ж. басында Жоңғария жаңа күшпен қайта жанданып, Цинь әулетіне қарсы көтеріліс бастады. Қытайлықтар жаңа күш жинап, 1757 ж. көктемінде Әмірсананың көтерілісін түпкілікті жаншыды және жаз мезгілінде Тарбағатайдың солтүстік сілемдеріндегі қазақ жерлеріне екінші рет басып кірді. Осы жерде қытай әскері мен Абылай жасақтарының арасындағы соңғы шайқас өтті. Жоңғарлардың көмегінен айырылған Абылай қытайлықтармен қарым-қатынасын шиеленістірмей, бейбітшілік туралы келіссөздер жүргізу үшін Пекинге елшілігін аттандырды. Осымен бір мезгілде Қытай императоры Абылай сұлтанға өзінің елшілігін жіберді. 1758-1759 жж. жоңғарларды жазалау кезінде қытай жасақтары қазақ жерлеріне бірнеше рет басып кірген болатын, бірақ император қазақ жерлерінен үміттенбеді. Сондай-ақ ол Абылайдың хандық титулын алдын-ала мойындап, орыстарға қарсы өзінің көмегін бірнеше рет ұсынды. Бұл жағдайлар Абылайдан ойланып жасалатын сыртқы саясат ұстануын және Қытай мен Ресей арасында әрекет етуін талап етті. Абылай екіжақты саясат ұстана білді. Ресми түрде Ресей империясының боданы бола отырып, орыс отарлаушыларының билеушілеріне қарсы қытай императорынан қолдау табу мақсатында Абылай Пекинге бірнеше рет елшіліктер жіберді<sup>19</sup>.

**Қазақтардың Шығыс Түркістанға қоныстануы.** Жоңғарияда манчжур-қытай билігінің орнауымен Қазақстанның шығысындағы жер мәселесі шиеленісе түсті. Қытайлықтар жоңғарлардан босатылған жерлерге қазақ көшпелілерін кіргізбеу үшін Іле өзені даласында және Тарбағатайда әскери бекіністер сала бастады. 1761 ж. қытай императоры қазақтардың Аягөз өзенінен оңтүстікке қарай көшуіне тыйым салғандығы туралы жарлық шығарды. Бірақ та бұл тыйыммен ешкім санаспады, қазақтар Тарбағатайдағы жайылымдарды иелене берді. 1762-1765 жж. Қытай әскерлері қазақтарды Жоңғария жерлерінен қуып шығуға байланысты бірнеше жазалау операцияларын жүргізді, бірақ бұл операциялар сәтті болмады, себебі қыстың басталуы мен қытайлықтардың кетуіне байланысты қазақтар осы территорияларға қайта оралды. Сонымен қатар 60-шы жылдардың екінші жартысында қазақтардың Жоңғарияға келуі күшейгендіктен, Цинь үкіметі

---

<sup>19</sup> Абылай хан. Тарихи жырлар. Т.4. Алматы, 1993.

1767 ж. Тарбағатай мен Іле өзені бойындағы жайылымдарды пайдалануға рұқсат беруге мәжбүр болды. Қарымтасына, қытайлықтар жалға берілген жерлердің ақысын және қытай бодандығын қабылдауын талап етті. Нәтижесінде, XVIII ғ. соңына қарай Орта және Ұлы жүз қазақтарының бір бөлігі Қытай бодандығын қабылдап, Тарбағатайдың, Іле өзені даласы мен Моңғол Алтайының бай жайылымдарын иеленді. Бұл территориялар Қытайдың «Жаңа провинциясының» - Синьцзяннің құрамына кірді. Осылайша, Абылай сұлтанның салмақталған және ойластырылған саясатының арқасында қазақ жасақтары Ресейден көмек алмай-ақ қытай агрессиясын өз күштерімен тоқтата алды, сондай-ақ XVIII ғ. соңында қазақтар Синьцзяннің бай жайылымдарын иеленді, оның нәтижесінде Қазақстандағы жер дауы біршама әлсіреді. Дегенмен бұл түптің түбінде қазақ этносының Ресей мен Қытайдың арасында бөлінуіне алып келді.

#### СЕМИНАР СҰРАҚТАРЫ:

1. Орынбор казак шебінің құрылуы
2. Қазақтардың қалмақтармен қатынасының шиеленісуі
3. Жоңғар хандығының әлсіреуі және қазақтардың Шығыс Түркістанға қоныстануы

#### СӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

- Қазақстанды отарлаудағы Орынбор казак линиясының рөлі
- Абылай ханның Циндік Қытаймен жүргізген саясаты
- XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстанның геосаяси жағдайы

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Архивные материалы о русско-джунгарских и китайских отношениях Ч. Ч. Валиханова: Собр. соч. Алма-Ата, 1985. Т. 4.
2. Казахско-русские отношения в XV-XVIII вв.: Сб. док.и мат. Алма-Ата, 1961.
3. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. Алма-Ата, 1960.
4. Китайские документы и материалы по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана XIV-XIX вв. Алматы, 1994.
5. Аполлова Н. Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – нач. XIX вв. М. 1960.
6. Абдиров М. Ж. История казачества Казахстана. Алматы, 1994.
7. Басин В. Я. Россия и Казахские ханства в XVI – XVIII вв. Алма-Ата, 1971.
8. Венюков М. И. Поступательное движение в Среднюю Азию. – СПб., 1878.
9. Дулатова Д. И. Историография дореволюционного Казахстана (1861 - 1917 гг.). Алма-Ата, 1984.
10. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: Полководец, правитель и политик. Алматы, 1999.



11. Зиманов С. З. Политический строй Казахстана конца XVII в. и первой половины XIX в. Алма-Ата, 1960.
12. Касымбаев Ж. К Государственные деятели казахских ханств в XVIII веке. Алматы, 1999.
13. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи: XVII-XVIII вв. Алматы, 1991.
14. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. (СПб., 1832) Алматы, 1996.
15. Сулейменов В. С., Басин В. Я. Казахстан в составе России в XVII – нач. XIX вв. Алматы, 1993.

## Раздел 6

### **Мәселенің тарихнамасы: жаңа ұстанымдар және салыстырмалы талдау**

Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуы мәселесінің тарихнамасының қалыптасуы мен дамуы туралы сұрақтарды зерттеу өте маңызды жағдайға – XVIII-XIX ғғ. барысында әртүрлі жоспарлы, көп аспектілі ғылыми зерттеулердің жиналуы және дайындалуы үдерісінің қарқынды түрде жүргендігіне зерттеушілердің назарын аудартады. Осы мәселенің тарихнамасын Орта Азияның Ресей мемлекетінің құрамына қосылуына – патшалық биліктің біздің өлкеге билік жүргізуінен біршама кеш үдеріске арналған тарихнамалық әдебиеттен бөліп қарауға болмайды. Қазақстан және Орта Азия халықтарының (қазақтардың, өзбектердің, қырғыздардың, түркмендердің, қарақалпақтардың тәжіктердің) тарихының тарихнамасы мәселелері бір-бірімен тығыз байланыстылығы соншалық, оларды бір-бірінен бөліп оқыту методологиялық жағынан дұрыс емес және логикалық жағынан ақталмайтын еді<sup>20</sup>. Қазақстанның Ресей құрамына қосылуының тарихнамасы ұзақ және күрделі даму жолынан өтті. Тарихнамалық зерттеудің дамуы бүкіл кезеңінде бір-бірінен мазмұны мен бағыты бойынша айрықша теориялар мен концепциялар әртүрлі деңгейде зерттеліп отырған мәселеге әсер етті.

Айта кеткен жөн, революцияға дейінгі тарихнамада қосылу мәселесінің зерттелуіне сипаттау, фактілерді зерделемей және жинақтамай баяндау тән. XVIII-XX ғасырдың басындағы тарихнамада Кіші жүз бен Орта жүздің бодандықты қабылдауының үш негізгі себептері айқындалады: сыртқы саяси (қазақтардың қауіпсіздігі), ішкі саяси (ішкі талас-тартыстар), Әбілхайыр ханның жеке мүддесі (билікті нығайту тілегі) сияқты себептер. Қазақстанның Ресейге қосылуының барысын сипаттауда М.Тевкелев миссиясының орындалу қиындығы ескеріледі. Ол қазақ даласына келгеннен кейін қазақ сұлтандарында Ресей бодандығын қабылдауға байланысты бірліктің

---

<sup>20</sup> Ахмеджанов.Г. Советская историография завоевания Туркестана и установление господства России в Средней Азии. – Автореферат диссертации на соискание ученой степени д.и.н.- Ташкент, 1991

болмауын көрді. Бұл сұрақ П.И. Рычков пен А.И.Левшиннің еңбектерінде қарастырылған<sup>21</sup>.

Барлық жұмыстар арқылы қазақтардың бодандықты қабылдауының алғашқы онжылдығының номиналды сипаты беріледі, ал XVIII ғ. екінші жартысында патша үкіметі өзінің билігін нығайту бойынша іс-шараларды жүзеге асыра бастайды. Сондай-ақ, патшалық өз реформаларын жүргізудің дұрыстығын негіздейтін аргументтер келтіріледі. Ұлы жүзді жаулап алу зерттеулерде жақсы көрініс таппады, ол патшалықтың Орта Азияға ішкерілей енуінің жалғастырушы кезеңі ретінде көрсетілді. Осы кезеңнің зерттеулерінде патшалықтың ортаазиялық хандықтарға байланысты жүргізген жаулаушылық акцияларының әскери аспектілері алдыңғы қатарға шығады. Ұлы жүздің жаулап алынуы ерікті түрде болған акт ретінде жазылады.

Революцияға дейінгі авторлардың еңбектерін бағыттар мен теорияларға қарай сыныптауға болады. «Табиғи шекаралар» теориясы (М.И.Венюков)<sup>22</sup> Ресейдің Қазақстан мен Орта Азияға үдемелі қозғалуын арий нәсілін қалыптастыру және кеңінен жаю үшін адамзат тарихының табиғи қозғалысы ретінде түсіндіреді. Осы теорияға Ресейдің жаулап алуын этнографиялық және географиялық факторлармен негіздейтін бағыты да жақын келеді (А.И.Макшеев)<sup>23</sup>, ол бойынша жазық далада орналасқан орыс мемлекеті жерін кеңейтуге тырысады. Европаның шығысындағы тарихи халықтың рөлі орыстарға тиесілі болды деген ой айқын көрсетіледі, бірақ экономикалық және саяси есептердің болмауы көрсетілді.

Орыс тарихнамасында тек қана орыс ұлтының шовинистік көзқарастарын насихаттайтын бағыт та көрініс тапты (М.А.Терентьев)<sup>24</sup>. Бұл бағыттың жақтаушылары дала тұрғындарымен тату көршілік қатынастарға тек қана қарудың күшімен қол жеткізуге болатындығын айқындайды (А.Шемонский)<sup>25</sup>. Кеңінен таралған келесі бір бағыт – Ресейдің жаулап алуы «өркениеттік миссияны» орындауымен байланысты деп есептейді (Л.Ф.Костенко)<sup>26</sup>, оның негізінде қазақ халқындағы өркениет төмен деңгейде дамыған деген пікір жатыр. Авторлар өз еңбектерінде европа өркениетінің маңызын және отырықшы мәдениеттің көшпелі мәдениеттен басым екендігін айқын көрсетіп, оны Шығыс өркениетінен жоғары бағалайды. Либералды бағыттың өкілдері Ресейдің жаулап алуына қазақ халқының қатынасы мәселесіне назар аударады (Н.И. Веселовский)<sup>27</sup>. Тұрғылықты халықтың тарих, тұрмысын және шаруашылығын зерттеу қажеттігі мәселесін қояды (А.И.Добросмыслов)<sup>28</sup>.

<sup>21</sup> Рычков П.И. История Оренбургская (1730 –1750).- Оренбург, 1896. 95с., Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832.

<sup>22</sup> Венюков М.И. Поступательное движение в Среднюю Азию.-СПб., 1878.

<sup>23</sup> Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб., 1890.

<sup>24</sup> Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. – СПб., 1906.

<sup>25</sup> Шемонский А. Военная история русского движения в Среднюю Азию. – Ташкент, 1910.

<sup>26</sup> Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. – СПб., 1890.

<sup>27</sup> Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. – СПб., 1894.

<sup>28</sup> Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь, 1902.

Жарияланған материалдардың көпшілігі арнайы тарихи зерттеулер болмағандығын айта кеткен жөн. Авторлар әлі де тарихи болашаққа ене қоймаған құбылыстар мен жағдайлар туралы жазды. Көптеген мақалаларда фактілік қателіктер кездеседі, өлкенің нақты шынайы тарихында сәйкессіздіктер байқалады және оны өзіне ыңғайлы жағдайда көру мен бейнелеуге деген құштарлықты көруге болады. Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижелерін талдай келе, орыс зерттеушілері бұл жағдай тұрғылықты халық үшін прогрессивті болған деген жалпы пікірге тоқталады.

XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының еңбектерінен Қазақстанның Ресейге қосылуына сыни ұстанымда болғаны көрсетіліп, қазақтардың Ресейден мәжбүрлі түрде көмек сұрағанын және отарлау саясатының ауыр салдарлары айқындалады (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай және т.б.)<sup>29</sup>. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасының қайтарылуы қазіргі заманғы отандық тарихшылардың концептуалды көзқарастарында көрініс тапты. 1917 ж. революциядан кейін қоғамдық санада отар халықтардың революцияға дейінгі тарихына, самодержавиялық Ресейдің саясатына шұғыл сыни тұрғы белгіленді. Осы хронологиялық кезеңде маркстік-лениндік методологияны меңгерген тарихшылар қазақтың өткенін зерттеуге кіріседі. Авторлар осы уақытқа дейін жазылған барлық еңбектерге сыни көзқараста болды. Тарихи құбылыстар аз болғанына қарамастан, олар патшалық отарлау саясатының салдарлары мәселесін қатаң түрде қойылған Ресей империясының бұрынғы отарларының ұлттық тарихын зерттеуге маңызды қадам жасады. Бұл мәселелер 1917 ж. жағдайлардан: монархия құлатылғаннан, демократиялық еркіндік, теңдік және тәуелсіздік жарияланғаннан кейін қазақ қоғамы жаулап алынған жерлерінің қайтарылуын күткендіктен, өте өзекті болды. Осылардың контекстінде «жаулап алу» және «отар» сияқты терминдер көптеп кездесетін тарихшылардың негізгі еңбектері жазылды. Қосылу мәселесін зерттеуде 1930-шы жылдары «абсолютті жауыздық» концепциясының көрініс бергендігін анықтады (С.Д.Асфендияров, М.Тынышпаев, П.Г.Галузо)<sup>30</sup>. Зерттеушілер патшалықтың Қазақстанды жаулап алуында қтал отарлау саясаты мен оның жағымсыз салдарын айқын көрсетеді. Бұл сұрақтардың дайындалуы жеткілікті дәрежеде терең болмады.

Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасын ары қарай зерттеуде қазақ халқының Ресейге қосылуын айқындайтын зерттеу пәнінің нақтылануы мен шынайы факторларды көрсетуі байқалады. Осының нәтижесінде «төменгі жауыздық» тұжырымдамасы дайындалады. Бұл тұжырымдама Ресей бодндығының ерікті сипатын жоққа шығару ұстанымын сақтай отырып, «жаулап алу» терминінен бас тартады. М.П. Вяткин ұсынған бодандықты баламалы таңдау идеясы (Ресей немесе Жоңғария), зерттеушілердің алдына

<sup>29</sup> Бөкейханов А.Н. Избранное. - Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1995., Дулатов М. Шығармалары.- Алматы, 1991

<sup>30</sup> Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен.- Алма-Ата - М., 1935, Тынышбаев М. Великие бедствия (Ақтабан-Шубырынды).-Алма-Ата, 1991.; Галузо П.Г. Туркестан – колония. – Ташкент, 1935.

қойған міндеттеріне – қазақ жүздеріндегі тарихи жағдайды бейнелеу және Ресейдің бағындыруында дамудың перспективасы болғандығына жауап бере алды. Сонымен бірге қосылу салдарына берілген теріс баға да сақталуда, себебі ол Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне шек қойып, жергілікті тұрғындарды қанауды (ұлттық отарлауды және феодалдық езгіні) күшейтуге алып келді. 1940-шы жылдардың басында «**төменгі жауыздық**» тұжырымдамасы ғылыми еңбектерде (М.П.Вяткин, Е.Бекмаханов)<sup>31</sup> дамуын жалғастырады, онда «жаулап алу» терминінен бас тартып, Қазақстанның Ресейге баруының негізгі себебі ретінде сыртқы қауіп көрсетіледі.

Тарих ғылымында Ресейге қосылу мәселесін зерттеуде «**төменгі жауыздық**» тұжырымдамасының басқа ұстаныммен біртіндеп ауыстырылуы байқалады. Бұл туралы осы терминді қолдануға байланысты М.В.Нечкинаның бастаған пікірталасы дәлелдейді. Зерттеушінің пікірінше, «жауыздық» түсінігі мемлекеттік дербестіктің жоқтығын және патшалықтың халықты қанағандығын, Ресей патшалығының ұлттық отарлау саясатының ауыр болғандығын көрсетеді. М.В. Нечкина өзінің тәуелсіздігін жоғалтқан және Ресей империясының құрамына қосылған халықтарды қанау, қосылғаннан кейінгі уақытта өмір сүрудің басқа факторларын бүркеу керек деп есептеді. Басқа факторлардың түсінігін автор былайша айқындайды: халықтың өмірін бүркемейді, осы халықтың тарихи үдерісінің барлық құбылыстарын қамтымайды. Халықтар патшалықтың рұқсатымен де, рұқсатынсыз да бір-бірімен араласады. Автордың пікірінше, Ресейге қосылу нәтижелерін бағалау кезінде тарихшылар патшалықтың отарлауына қарамастан, орыс қоныс аударушыларының халықтардың шаруашылық және мәдени өміріне тигізген жақсы әсеріне, жақсы қарым-қатынасы фактілеріне назар аударуы керек. Осы уақыттан бастап қазақ жүздерінің бодандықты тек қана ерікті түрде қабылдаған және қосылудың прогрессивті нәтижелері болды деген негіздемесі бірінші орынға шығады. 1950-ші жылдары «тарихи шарттылық» тұжырымдамасы дайындалады (Н.Г.Аполлова, М.В.Нечкина)<sup>32</sup>, мұнда Қазақстан мен Ресейдің әлеуметтік-экономикалық және саяси байланыстарын дайындау алдыңғы орынға қойылды. Сонымен қатар қазақ және орыс халықтары қарым-қатынастарының прогрессивті жақтарын айқындауға басымдық беріледі.

1970-ші жылдардың соңында қоғамның қоғамдық-саяси өмірінде европоцентризм басым болды, кеңестік республикалардың тарихы 1917 ж. басталады деген ой насихатталды. КСРО халықтарының дамуында орыс мәдениеті басым рөл атқарды деген үдеріс ұлттық тарихтың ұмытылуына, тарихи жадтың жоғалуына алып келді, кеңестің кезең тарихын дәріптеу жүргізілді. 1954 ж. Ташкентте өткен сессия қазақ жерлерінің қосылуының прогрессивті маңызын көрсететін тұжырымдаманың бекітілуіне жәрдемдесті. Сессияда осы тұжырымдаманың дайындалуына әсер еткен Орта Азия мен

<sup>31</sup> Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР.- Л, 1941. – Т.1.- 354 с.; Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. – Алматы,1992.

<sup>32</sup> Нечкина М.В. К вопросу о формуле наименьшего зла. // Вопросы истории.-1951. -№ 4; Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века.- Алма-Ата.1948.

Қазақстанның революцияға дейінгі тарихы мәселелері қарастырылды. Алдымен осы өлкенің әртүрлі нақты тарихи жағдайларда және әртүрлі жолдармен Ресейге қосылуы жүз жылдан астам уақытқа созылғандығы белгіленді. Ұлттық республикалар тарихшыларының бұл қосылудың Ресейдің алдыңғы қатарлы экономикасы мен алдыңғы қатардағы демократиялық, революциялық және қоғамдық-саяси ойының әсерінен халықтардың саяси, экономикалық және мәдени дамуының прогрессивті маңызын бағалаудағы пікірлері ортақ болды. Осылайша, мәселенің тарихнамасының дамуының келесі кезеңі қосылудың ерікті түрде болғандығын негіздеумен, прогрессивті нәтижелерді көрсетумен және отарлау саясатын бағалаудағы қатты сынамау ұстанымымен сипатталады (Г.Ф. Дахшлейгер, В.Я. Басин, Т.Ж. Шойынбаев)<sup>33</sup>.

1980-ші жылдардың соңы Кеңес Одағының ыдырауымен басталды, демократиялық қайта құрулар мен ұлттық жаңғыру үдерістері өткенге деген қызығушылықты арттырды, қайта зерттеуді қажет ететін қазақ тарихындағы «ақтандақтар» анықталып, көптеген мәселелер, соның ішінде Ресейге қосылу мәселесі жаңадан қарастырыла бастады. 1990 ж. шілдесінде «Отарлау жағдайындағы ұлттық қозғалыстар: Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Кавказ» атты «дөңгелек үстел» өтті. Ғалымдардың баяндамаларында қосылудың жағымсыз салдары туралы және қазақ қоғамының шынайы тарихын жазуға қажетті жаңа методологиялық ұстанымдарды іздеу қажеттігі мәселелері көтерілді. Осы уақыттан бастап «қосылу» терминімен қатар, «жаулап алу», «кіру» және «бағыну» сияқты терминдер ғылыми айналымға қайта кірді. Белгілі тарихшы И.В. Ерофеева әртүрлі кезеңдердегі кеңестік тарихшылардың жұмыстарына талдау жасай келе, маркстік-лениндік методологияның бекітілуі жағдайында осы мәселені дайындау қоғамдық ғылымдарда сыни меңгеріліп, революцияға дейінгі тарихнаманың көптеген жетістіктерін асыра бағалаумен жалғасты деді<sup>34</sup>. 1990-шы жылдары Ресей империясына қосылудың нәтижесінде тәуелсіздіктен айырылу фактісін зерттеу және талдау мәселесі күн тәртібінде тұрды. Тарихшылар қазақ хандарының Ресей үкіметіне баруының себептерін зерттеді, бұл тарихи үдерістің барысы мен салдарын, сонымен қатар мәселенің тарихнамалық аспектісін қарастырды.

1990-шы жылдардың соңынан бастап екі концептуалды ұстанымдардың болуы осы мәселенің күрделілігі мен көпқырлылығын айқындайды. Отандық тарихшылардың бірінші тобы (Ж.Қ. Қасымбаев, Б.Б. Ирмуханов және т.б.)<sup>35</sup> Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігінің Ресейге бастапқыда баруы ерікті түрде болды (бұл патшалық үшін қолайлы болғандығы басқа мәселе), ал

<sup>33</sup> Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века.- Алма-Ата, 1981.; Тулепбаев Б.А. Плоды великой дружбы: (К 250-летию добровольного присоединения Казахстана к России).- М., 1982.; Шойынбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России.- Алма-Ата, 1982.

<sup>34</sup> Ерофеева И.В. Экономические связи Казахстана с Россией в русской историографии 18 первой половины 19 века // Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период).- Алма-Ата, 1988.

<sup>35</sup> Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.).- Алматы, 1999; Ирмуханов Б.Б. Казахстан: Историко-публицистический взгляд. Алматы, 1996

Қазақстанның қалған территориясы әскери күштің көмегімен қосылды деген концептуалды ұстанымды қолдайды. Бодандықты қабылдаудың басты себебі – қазақ халқына қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты орында тұрды, дегенмен бодандықты қазақ билеушілері саяси тәуелсіздіктен айырылу деп түсінгендіктен, оны қолдамады, сондықтан бұл тұжырымдаманы жақтаушылар «бодандықты» түсіну мәселесін қазақ және орыс тұрғысынан көрсетеді.

Келесі авторлар тобы (А. Күзембайұлы, Ж.О. Артықбаев, М.Ж. Абдиров және т.б.)<sup>36</sup> Ресей Қазақстанды жаулап алды деген тұжырымдаманы ұстанып, оны ары қарай дамытуда. Бұл тұжырымдаманы жақтаушыларының пікірінше, XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басында Ресей өзінің жаулап алушылық саясатын жалғастырып, нәтижесінде оның оңстүтік-шығыс шекарасы қазақ жерлеріне жақындады. Авторлардың ойынша, Әбілхайырдың өтініші де, қазақ жүздерінің сыртқы саясатынан басқа салалардың барлығында бағынышты мемлекет тәуелсіздігін сақтайтын бодандық – отарлаушы тәуелділігінің формасы ретінде қабылдауы патшалыққа тиімді болды. Зерттеуші қазақ хандары мен сұлтандарының бұл дипломатиялық актіге баса назар аудармағандығын айқындайды.

Айта кеткен жөн, Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуы шетелдік зерттеушілердің үлкен қызығушылығын туғызды. Олар барлық ортаазиялық аймақтың тарихын империялық және кеңестік кезеңінің тарихының контекстінде қарастырды<sup>37</sup>. 1990-шы жылдардан бастан қазақстандық тарихшылар (Т.К. Бейсембаев, М.Т. Лаумулин, К.Л.Есмагамбетов, К.Р. Несипбаева және т.б.)<sup>38</sup> ағылшын, американдық, неміс, француз зерттеулеріне талдау жасап, жаңа замандағы Қазақстан тарихының мәселелері бойынша басты теориялар мен концепцияларға басымдық бере отырып, шетелдегі негізгі ғылыми мектептер мен орталықтарды айқындайды. Сонымен қатар қазақстандық зерттеушілер АҚШ, Канада, Франция және т.б. мемлекеттердің кітап қоймаларында жинақталған шетелдік тарихнаманың көпәспектiлi деректiк базасының бар екендiгiн баяндайды.

Осылайша, ұзаққа созылған қазақ жүздерінің Ресей империясының құрамына қосылу үдерісі қарама-қайшы сипатқа және жан-жақты, әрі шынайы талдауды қажет ететін кешенді мәселелерге ие. XVIII ғ. ортасынан бастап мәселе тарихнамасының даму динамикасын сипаттайтын көп материал жинақталды. Әрбір кезеңде осы үдерісті ерекше елестетті және бағалады. Концептуалды ұстанымға идеологиялық аспектілер де әсерін

<sup>36</sup> Күзембайұлы А., Абилев Е. История Казахстана. – Алматы, 1996.; Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. Алматы, 1994.

<sup>37</sup> Pipes R Central Asia and Russian colonialism // Far Eastern Economic Review. -1959 - April 29 - P 10; Brzezinski Z. Between two ages. America's roles in the technohonic era. - N.Y., 1970; Reshetar J. National Deviation in the Soviet Union // The American Slavic and East European Review. - April 1953. - Vol. XII. -No.2. - P.162-174; idem

<sup>38</sup> Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе?.- Алма-Ата, 1992.; Лаумулин М.Т., БейсембаевТ.К. Зарубежные исследователи Средней Азии и Казахстана (библиографический указатель).- Алма-Ата, 1994.; Несипбаева К.Р. Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации Центральной Азии (XVIII – начало XX вв.).-Алматы, 1997

тигізді. Сондықтан да мәселені ғылыми меңгеру өзінің өзектілігін сақтап қалды.

#### СЕМИНАР СҰРАҚТАРЫ:

1. XIX ғ. – XX ғ. басындағы орыс зерттеушілері еңбектеріндегі қазақ жүздерінің Ресей империясының құрамына қосылуын зерттеудің негізгі бағыттары
2. XX ғ. басындағы тарихшылар еңбектеріндегі Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуы мәселелері бойынша негізгі концептуалды ұстанымдар
3. Қазақ жерлерінің Ресей империясы құрамына кіруін зерттеудегі қазіргі заманғы ұстанымдар.

#### СӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

- «Абсолюттік» және «кем» жауыздық концепциясының негізгі ережелері.
- Орыс зерттеушілері мен кеңес тарихшыларының Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесіне байланысты концептуалды ұстанымдарды салыстырмалы талдау.
- Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуын зерттеудің қазіргі заманғы тарихнамасы.

### **XIX ғ. 40-60-шы жж. Ресей билігінің ортаазиялық саясаты**

XIX ғ. 40-60-шы жж. ресейлік биліктің ортаазиялық саясаты ағылшын-орыс қарым-қатынастарына тікелей байланысты болды. Англияның Орта Азияға қатысты іс-әрекеттері Ресейдің ортаазиялық саясатын белсенді түрде жүргізуінде және Орта Азияны қосып алуындағы саяси мотивтердің басым болуында үлкен рөл атқарды. Англияның Индияны жаулап алуының және Орта Шығыс пен Орта Азиядағы әрекеттерін белсенді түрде жүргізуіне байланысты ағылшын-орыс бәсекелестігі күшейе түсті. Патша үкіметі өзінің ұстанымын сақтауға және Англияның экономикалық және саяси ықпалының кеңеюіне кедергі келтіруге тырысты. 1830-1840 жж. П.И. Демезон мен И.В.Виткевичтің дипломатиялық миссиялары, сондай-ақ Е.П. Ковалевский мен А.Р. Гернгостың Бұхар хандығына, П.Никифоровтың және Г.И.Данилевскийдің Хиуа хандығына елшілігі, Н.Г. Потаниннің қазақ даласы арқылы Қоқан хандығына саяхаты жүзеге асты. Бұл саяхаттардың (поездка) нәтижесінде орыс-азиаттық сауда мәселелері бойынша келісімге келіп, ортаазиялық хандықтардың қазақтармен қарым-қатынастары туралы мәліметер жинақталды<sup>39</sup>.

<sup>39</sup> Халфин Н.А. Присоединение Средней Азии к России (60-90-гг. XIX в.) М., 1965

1833 ж. жазда Орынбор өлкесінің губернаторы болып В.А. Перовский тағайындалады, ол өзінің алдына екі міндет қояды: бағынбаған қазақтарды бағындыру және орыс әскерлерін ортаазия хандықтарының шекарасына жақындату. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Сырдарияның төменгі ағысы бойына жаңа әскери шептер салу керек болды, ол кезегінде олармен шектесетін қазақтардың наразылығын туындатты. Кейбір қазақ руларының ортаазия хандықтарына көшкісі келгендігі де жағдайды шиеленістірді. В.А.Перовский бұл үдерісті тоқтатуға тырысты. 1836-1839 жж. Қазақтарды басу үшін бірнеше жазалау экспедициялары жіберілді. Ары қарай әскери-саяси экспансияны жүзеге асыру қолға алынады, нәтижесінде Хиуа экспедициясы құрылады. Жасалған жорықтың ресми себебі – Хиуаның орыс-қазақ қатынастарына араласуын бейтараптандыру қажеттілігі, шекаралық аймақтардағы тонау мен зорлық-зомбылыққа шек қою, орыс тұтқындарын босату деп жарияланды. 1839 ж. қарашасынан 1840 ж. ақпанына дейін созылған Орынбор өлкесінің әскери губернаторы В.А.Перовскийдің басшылығымен жасалған жорық толық дайындалмаған болып шықты. 1839 ж. көктемде екі бекіністі (біреуі Ембі өзеніндегі, екіншісі Ақбұлақ жеріндегі) нығайту үшін қазақ даласына екі отряд жіберілді және осында Орынбордан отын мен мал жем-шөбі және азық-түлік алып келінген еді. Орынборда құрған экспедициялық отряд 5000 адамнан тұрды, қатты аяздан түйелер қырылып, көптеген адамдар үсікке шалынды. Азық-түлік пен отын таусылғаннан кейін, ақпанның ортасында отряд Ембі бекінісіне, кейіннен Орынборға оралды. Осы жорықтың нәтижесінде орыс тұтқындары босатылып, Хиуа елшілігі Санкт-Петербургқа жіберілді. Осыдан кейін Ресейдің континентке ішкерілей енуі үшін әскери стратегиялық плацдармды құру арқылы нақты жоспарланған жорық жасау қажеттігі белгілі болды. Осыдан кейін Сырдария шебін құрған Сырдарияның төменгі ағысында бірнеше бекіністер салынады. Оған Арал бекінісі, Қазалы, Қармақшы, Перовск форты, кейіннен **Жөлек**, Жаңақорған, Түркістан кірді. Сырдария шебін құру арқылы келесідей міндеттер қойылды: Қоқан және Хиуа хандықтарының шекарасымен Сырдарияның төменгі ағысындағы әскери күштерді нығайту, осы аймақтың экономикасын зерттеу. Патша әкімшілігі казак және орыс шаруа қоныстарын көбейту арқылы Сырдария казак әскерін құруды жоспарлады. Осы мақсатпен 1841 ж. бас штабтың капитаны Никифоровтың басшылығымен орыс елшілігі жіберілді. Елшіліктің мақсаты – Сырдариядан солтүстікке қарай барлық жерлер және ішінара Каспийдің шығыс жағалауындағы жерлерді Ресейдің меншігі ретінде Хиуаның мойындауына қол жеткізу, сондай-ақ сауда қатынастары үшін қолайлы жағдай орнату болды. Никифоровтың Хиуа ханы Аллақұлмен жүргізген келіссөздері ешқандай нәтиже бермеді, Хиуа тарапынан жасалған тонаушылық жорықтар кейін де жалғасын тапты. XIX ғ. екінші жартысынан патшалық Ресей Орта Азияға ішкерілей енуін жалғастырды. 1847 ж. орыс әскерлері Сырдарияның сағасын басып алып, Райым бекінісін, ал 1848 ж. Қазалы фортын салды. Осы уақытта Арал теңізін зерттеу басталады. А.И.Бутаковтың басшылығымен құрылған (1848-1849 жж.) экспедиция осы



аймақты әскери және кеме жүргізу болашағы жағынан зерттеді. Кейіннен Ресей мемлекеті жалпы міндетті – Орталық Азия мемлекеттерінің саяси және экономикалық жағдайын зерттеуді шешетін миссияларды (Н.В. Ханыковтың ғылыми миссиясы және Н.П. Игнатъевтің дипломатиялық миссиясы) ұйымдастырады<sup>40</sup>.

Осы жағдайлармен қатар Ресей мемлекеті қытай билеушілерінің Орта Жүз территориясына таласуы, кейіннен Қазақстанның оңтүстік аймағында өзінің бірнеше бекіністерін (Ақмешіт, Әулиеата, Мерке, Қастек және т.б.) құрған қоқан билеушілерінің басып алушылық саясатының себебінен тоқтап тұрғандықтан, енді өзінің Жетісуға енуін іске асырады. Бұл бекіністер әскери әкімшілік, қаржылық, сауда қызметтерін орындады, бірақ басты қызметі – бағындырылған территорияларды басқару болды. XIX ғ. ортасында қоқандықтар қазақтардың жеріне шабуыл жасауын жалғастырды, соның нәтижесінде Ресейдің Орта Азиядағы әскери қимылдары белсенді түрде жүргізіледі. Орынбор әскери губернаторы В.А. Обручев шекараны ары қарай нығайта түсу үшін Сырдарияның сағасында 1847 ж. Райым (кейіннен Арал) бекінісін салып, Ақмешітті иеленуді ұсынады. Бұл жоспар қайта тағайындалған Орынбор губернаторы В.А. Перовский тұсында жүзеге асырылды. Ол 1853 ж. 2800-ге жуық адамнан тұратын 12 қарумен Ақмешітке барады. Ондағы 3 қаруы бар 300 қоқандықты 27-шілдеде батыл шабуылмен алады. Ақмешіттің атауы Форт-Перовский деп тез арада өзгертілді. Осылайша, Ақмешітті қайтарып алуға әрекеттенген, бірақ сәтсіз оны аяқтаған Қоқан хандығын бағындыру басталды. 1854 ж. император Сырдария шебін басқару туралы Ережені бекітеді. Осылайша, В.А.Перовскийдің әскери-стратегиялық міндеті жүзеге асты, Ресей Хиуа және Қоқан хандықтарына саяси ықпалын күшейтуге мүмкіндік алды<sup>41</sup>.

1847 ж. Абакумовтың отряды бірнеше казарма салды, кейіннен олардың айналасында Жетісуды, яғни орыс бодандығын қабылдаған Ұлы жүз қазақтарының территориясын басқаруға арналған орталықтар құрылады. Іле өзенінің солтүстік жағалауындағы жерлер қоқан бектерінің қолында қала берді, ал олардың тірек пункті Қаскелең өзенінде орналасқан Таушыбек бекінісі болды. 1851 ж. екінші рет жасаған шабуылында орыс әскерлері оны түгелдей жояды. Орыс әкімшілігі Қытайдан Ресейге өтетін транзиттік сауда жолдарының маңыздылығын түсіне отырып, аймақты шаруашылық жағынан игере бастайды. 1854 ж. Іле Алатау тауының етегінде Верный бекінісінің негізі қаланады. Верныйдың іргесі қаланғаннан және Ақмешітті алғаннан кейін, Сырдария және Жетісу казак шептерін біріктіру жоспары қойылады. Орыс әскерлерінің сәтті енуіне 1857-1858 жж. Шымкент пен Әулиеата өңірлерінде болған қазақтардың қоқандықарға қарсы көтерілістері жәрдемдесті. Осы көтерілістердің қатал жаншылуы нәтижесінде, қазақтар Ресей жағына өтті. Тарихи жағдайдың қалыптасқандығы сондай, қазақ халқының өмірі Қоқан мен Ресейдің бәсекелестігінің нәтижесіне бағынышты

<sup>40</sup> Киняпина Н.С. Средняя Азия во внешнеполитических планах царизма (50-80-е гг. XIXв) / Вопросы истории. -1974.-№2

<sup>41</sup> Терентьев М.А.История завоевания Средней Азии. Т.1. Спб., 1901.

болды. 1860 ж. полковник Циммерманның басшылығымен жасақ құрылып, ол Пішпек және Тоқмақ атты қоқан бекіністерін талқандайды. Қоқан хандығы қасиеті соғыс (ғазуат) жариялап, 1860 ж. қазанында олардың әскері (20000 адам) Ұзынағаш бекінісінде жиналды. Онда қоқандықтарды полковник Колпаковский жеңеді. Ұзынағаш шайқасынан кейін полковник М.Г. Черняевтың басшылығындағы жасақ Қастек асуынан өтіп, Тоқмақты басып алады. Орынбордан Сырдарияның төменгі ағысына бойымен, ал Батыс Сібірден Алатау бойымен бекіністерді салу арқылы орыс шекарасы біртіндеп тұйықтала түсті. Бірақ, 650 шақырымға жуық үлкен кеңістік сол кезде әлі бос болды және қазақ даласына жорық жасау үшін қақпа ретінде қызмет етті. Осыған байланысты 1864 ж. екі отряд – бірі Орынбордан, екіншісі батыс Сібірден шықты. Полковник М.Г. Черняевтың 2500 адамнан тұратын Батыссібір жасағы 1864 ж. 5-маусымда Верныйдан шығып, Әулиеата бекінісін батыл шабуылмен басып алды, ал полковник Верёвкин бастаған 1200 адамнан құрылған орынборлық отряд Форт-Перовскіден Түркістанға қарай жүрді, Түркістанды ор қазу арқылы 12 маусымда басып алады<sup>42</sup>.

Түркістанды алғаннан кейінгі соғыс әрекетінің бір көрінісі – Икан ісі деген атпен белгілі болады. 1864 ж. 4-желтоқсанда Түркістанның коменданты полковник Жемчужников 1 зеңбірекпен күшейтілген есаул Серовтың басшылығымен 100 оралдық казактарды тыңшылыққа жібереді. **Иканжүздігі (Икансотня)** қышлағының жанында казактар Түркістанды басып алуға бара жатқан Қоқан хандығының регенті Әлімқұл молданың басшылығындағы қоқан әскерінің негізгі күштерімен соқтығысып қалады. Казактар 2 күн бойы (4-ші және 5-желтоқсанда) тамақсыз және сусыз, өлген жылқылардың денесін жамылып, қоршауда болады. 2-күн аяқталар кезде есаул Серов жүздікке әркім жеке өзі қоршаудан шығуына бұйрық береді, казактар шаршы болып сапқа тізіліп, соғыса отырып қоқан әскерінің қоршауын бұзып, Түркістаннан жіберілген жасаққа қарай шығады да, бекініске қайтып оралады. Әулиеатада гарнизонды қалдырып, М.Г. Черняев 1298 адамды басқара отырып, Шымкентке қарай жылжиды, Орынбор жасағын тартып, оны 20-шілдеде басып алады (штурмом взял). Бұдан кейін Ташкентті (Шымкенттен 114 шақырым) батыл шабуыл жасалады, бірақ ол сәтсіз аяқталады. Черняевтің әрекеттері өте қатал болды. 1864 ж. әскери жорыққа қатысқан саяхатшылар – Н.А. Северцов пен Ш.Уәлиханов генералға түпкілікті қарсылықтарын білдірді. М.Г.Черняевпен болған бірқатар қызу пікірталастардан кейін, Ш.Уәлиханов қызметін тастап, Жетісуға оралады. 1864 ж. Шымкентті басып алумен Оңтүстік Қазақстанды жаулау аяқталады. 1865 ж. бұрынғы Сырдария шебінің территориясын қосу арқылы Түркістан облысы құрылады, оның әскери губернаторы болып М.Г. Черняев тағайындалады. Түркістан мен Шымкентті алғаннан кейін Орынбор мен Сібір шептері біріктірілді және Қазақстанды Ресейге қосудың ұзаққа созылған және күрделі үдерісі аяқталды.

---

<sup>42</sup> Терентьев М.А.История завоевания Средней Азии. Т.1. Спб., 1901

Қазақстанды, Қоқан және Бұхара хандықтарын жаулап алғаннан кейін, Ресей билеушісі жаулық саясатты ұстанған Хиуа хандығын жаулап алуға көшті. Алдын-ала дайындалған жоспарға сәйкес, 1873 ж. көктемде К.П.Кауфман генералдың басшылығындағы орыс әскері Хиуаға үш жақтан шабуыл жасады: Кавказ, Орынбор және Түркістан округтерінен. Барлық үш отряд бір уақытта Хиуа жеріне басып кіріп, белсенді әрекеттерге көшті. 1873 ж. мамыр айында Хиуаның астанасын басып алды, ал тамызда Хиуа ханы Сейіт-Мұхаммед-Рахым мен генерал К.П. Кауфман келісімге келді. Бұл келісім бойынша Хиуа ханы өзін Ресейдің вассалы деп мойындады. Кейіннен Хиуа хандығының территориясы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына қосылды<sup>43</sup>.

XIX ғ. екінші жартысындағы Ресейдің иеліктерін жоспарлы түрде кеңейтуінің басты себептерінің арасында Ресейдің «табиғи шекараларын» иелену, талас-тартыстар тыныштандыру және шекаралық шептер мен сауда жолдарындағы тыныштықты бұзатын тонаушылық жорықтарды тоқтату, артта қалған азиялық халықтарды өркениетке көшіруге ұмтылу, оларды әлемдік өркениетке қосу аталады. Түркістан жорықтарына қатысушы тарихшылардың бірі, генерал-майор Л.Ф. Костенко дипломатияны сақтай отырып былай деп жазады: «Ресейдің Орта Азиядағы іс-әрекетінде арсыз ойлар мен өзіндік пайдакүнемдік есептері басшылыққа алынған, бірақ тек қана аймақты бағындыру арманымен және оның өндіргіш күштерін дамытып, Ресейдің европалық бөлігіне Түркістанның өнімдерін жіберудің қысқа жолын ашуды көздеді<sup>44</sup>. Түркістан жорықтары Ресейдің ұлы миссиясын аяқтағандай болды, алдымен көшпелілердің Европаға экспансиясын тоқтатып, кейіннен отарлаумен – шығыс жерлерін толықтай бағындырумен аяқталды. Осы идеялар арқылы Азия мемлекеттерін жаулап алудың барысы айқындалды. Қарсыласты бейнелеу үшін «қарақшы тобы», «жиын», «банды», «жауыз шабуыл», «қорқақ соқтығыс» сияқты сөздерді пайдаланғандығын жорыққа қатысушылар – Черняевтің, Кауфманның, Перовскийдің және т.б., мемуарларынан кездестіреміз. Жергілікті хандар мен ақсүйектердің қоластындағы жергілікті халықтың кедейшілікте өмір сүргендігі айқындалды. Орыс әскерлерінің келуімен, жақсы өмір басталғандығын көрсетті-мыс. Әскери тарихшы Д.Я. Фёдоров былай деп жазады: «Орыс билігінің Орта Азиядағы билігі үлкен әсер алды, себебі ол жергілікті халыққа адамгершілікпен қарады, және халықтың аяушылығына кіріп, оларға ыңғайлы басқарушы болды». Дегенмен тез арада көңілі суыды, бұл көршілес территориялардың территориялық-саяси экспансияның жалғасы ғана болатын. Бұдан басқа, бірақ шынайы себеп – Ресейдің үкіметтік және әскери қызметкерлерін толғандырған идея Британ империясына қарсы тұру болды. Осылайша, Ресейдің саясаты қорғанушы, Британияның агрессиясынан қорғануға бағытталғандығымен сипатталады. Қарсы тұрушы теоретиктердің бастыларының бірі, әскери администратор, тарихшы М.А. Терентьев

<sup>43</sup> Киняпина Н.С. Средняя Азия во внешнеполитических планах царизма (50-80-е гг. XIXв) /Вопросы истории. -1974.-№2.

<sup>44</sup> Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. – СПб, 1890

үштомдық «Орта Азияны жаулау тарихы» туралы және аймақтағы Ресейдің және Англияның саясаты туралы бірнеше мақала жазды<sup>45</sup>. XIX ғ. Индия мен Орта Азияны бақылауға байланысты Ресей мен Британ империяларының арасындағы тартыс тарихта Үлкен ойын деп аталды. Оның тағы да белсенді қатысышуларының бірі – Қытай болды, ал басқа мемлекеттер бұл шайқастағы ауыспалы фигуралар қызметін атқарды.

#### СЕМИНАР СҰРАҚТАРЫ:

1. Ресей саясатының ортаазиялық аймақта күшеюінің себептері
2. Орыс үкіметінің Хиуа хандығына байланысты ұстанған саясаты
3. Орыс әскерлерінің Қоқан хандығы территориясын жаулап алуы

#### СӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

- Ресейдің Бұхара және Хиуа хандықтарына жіберілген дипломатиялық миссиялары
- Орынбор өлкесінің әскери губернаторы В.А. Перовскийдің қызметі
- «Үлкен ойындағы» Ресей-Британ империялық тартыстары

---

<sup>45</sup> Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. Т.1. Спб., 1901